



**№ 4 (40)
2015**

Меншік иесі және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады

Журналдың материалдары
www.iz.adilet.gov.kz сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:

Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смағұлов
И.Ш. Борчашвили

Редакциялық алқа:

Н.М. Әбдіров
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дүйсенов
А.Д. Жүсіпов
Д.Ж. Игембаев
А.Қ. Қанатов
Т.Е. Қаудыров
В.Т. Қоныс
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сақтағанов
Т.С. Сафарова
М.А. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор к., 8 үй
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Қазақстан Республикасы Заңнама Институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің 20 жылдығына арналған салтанаттық жиналыстағы ҚР Әділет министрі Б.М. Имашевтың сөйлеген сөзі	7
Конституциялық және әкімшілік құқық	11
Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА Президенттің Жүз қадамын жүзеге асыру аясындағы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметті жетілдірудің негізгі бағыттары	11
З.К. АЮПОВА, Д.Ө. ҚҰСАЙЫНОВ Заңды процестер қазіргі құқықтық интеграцияның негізгі құрамдас бөлігі ретінде.....	18
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы	25
В.Т. ҚОНЫС Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердегі банк омбудсманы.....	25
И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА, Д.М. ШӘМШЕКБАЕВ Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша рента шартын құқықтық реттеудің кейбір мәселелері.....	33
И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА, Е.В. НЕСТЕРОВА, Д.М. ТҰРЛЫБЕК Шарттық міндеттемелер бөлігіндегі азаматтық заңнаманы жетілдіру (жалпы ережелер және мүлікті беру туралы шарттық міндеттемелер)	39
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу	44
А.Қ. ҚАНАТОВ Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыруды (жылыстатуды) жіктеу проблемасы (жаңашылдықты мониторингілеу)	44
Қ.Е. ИСМАҒҰЛОВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу барысында Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу кодексін қолданудың кейбір мәселелері	49
А.К. КҰРМАНОВА, Қ.Е. ИСМАҒҰЛОВ Кепілдегі мүлікке тыйым салудан босату, оның ішінде қылмыстық процесте тыйым салудан босату туралы, азаматтық талап қоюды қараудың құқықтық аспектілері	54
Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	61
М.А. СӘРСЕМБАЕВ, Қ.М. СӘРСЕМБАЕВ, Д.М. СӘРСЕМБАЕВ The theme of terrorism in international law documents: proposals for their perfection (Халықаралық құқықтық құжаттардағы терроризм тақырыбы: оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар).....	61

Ж.И. ИБРАГИМОВ, Ж.С. ДАЙЫРОВА Еуропалық Одақтағы шешімдер қабылдау тетіктерінің өзекті ережелері	71
Е.А. ОМАРОВ, Б.О. БЕРЕМКУЛОВ Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсетудің құқықтық базасын жетілдіру мәселелері	77
Д.Х. ПЕРНЕЕВ Қосарланған салық салудан жалтарудың кейбір мәселелері туралы	84
Құқықтық мониторинг	88
Т.С. САФАРОВА Құқықтық мониторинг Қазақстан Республикасының құқықтық саясаты тұрғысынан: теориялық-талдау аспект	88
С.Б. АЙСИН, З.Ғ. ҚАЗИЕВ Заңнама тиімділігін зерттеудің шетелдік тәжірибесі	92
Ә.Ғ. ҚАЗБАЕВА Нормативтік құқықтық актілерге қоғамдық мониторингінің теоретикалық аспектілері	96
Е.А. ДҮЙСЕНОВ, О.Қ. ҚАРАҚОЖАЕВ Қазақстан Республикасында қоғамдық ұйымдардың құқықтық мониторинг жүргізуге қатысуы	101
Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен	105
Ш.Р. МЫРЗАЕВА, Т.Е. МҮШАНОВ Ұлттық заңнамадағы терминология мәселелері	105
Е. САФУАНИ, А. КАДИРОВА Заңнамада терминнің атқаратын рөлі	110
А.А. МЕДИНАЕВА Қолданыстағы заңнаманың тілдік кемшіліктері	114
Л.С. ТҰРҒАНБАЕВА Халықаралық шарт мәтінінің теңтүпнұсқалылығы мәселелері	119
Г.М. ЖЕТЕПОВА Аударма тіліндегі терминдер мәселелері	123
Шетелдік тәжірибе	127
О.В. БЕЛЮСОВА (Мәскеу қ.) Еуропалық Одақтың Латын Америка мемлекеттерімен халықаралық экономикалық қарым-қатынасы	127
Жас ғалым мінбері	134
Д.М. ТҰРЛЫБЕК Тиімді салық саясаты және шағын бизнесті дамыту – өзара әрекеттесудің баламалы жолдары	134
Е.К. АХМЕТОВ Нормативтік құқықтық актілерге қоғамдық мониторинг туралы	139
А.С. ӘБДІКӘРІМОВА Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлықтың қазіргі жай-күйі және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды тергеудің проблемалары.....	144
Ә. ЖҰМАБЕКОВА Еуропалық Одақтағы халықаралық шарттарды әзірлеу мен жасау және Ұлыбританияның Одаққа қатысты «ерекше рөлі»	149
Ж.А. МАМИТОВА Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы құжаттарды жіктеу туралы	155
Ж.Б. УӘЛИЕВА Заманауи қылмыстық құқықтық саясат қағидаларына сай отандық заңнамада кінә ұғымын бекіту мәселелері	161
Ә.Қ. ҚАПЫШЕВА Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік реформалау халықаралық тәжірибесі	167
А.М. БЫТЫМБАЕВ Шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзудың мазмұны мен жалпы сипаттамасы	172
Ж. МУСИНА Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасындағы мүлікті тәркілеу: құқықтық реттеудегі жаңа ұстанымдар	177
Д.Б. БАЙСАҒАТОВА Қазақстан Республикасының халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимылдағы рөлі	183
Т.Б. ЖҰМАҒҰЛОВ Су қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы халықаралық ұйымдар және олардың қызметі. Құқықтық аспектілер	189
А.М. МАТЫШОВА Жасырын тергеу әрекеттерінің құқықтық реттелу мәселелері	193
Б.Н. ТӘЖІБАЕВ Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік белгілері	199

<i>Ақпараттық хабарламалар</i>	207
2015 ж. 5-6 қарашада Астана қ. өткізілген «Әкімшілік акт: шығару, мазмұны және дау айту» тақырыбында әкімшілік құқық бойынша алтыншы халықаралық ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама	207
<i>Даналық ойлар</i>	213





**№ 4 (40)
2015**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
www.iz.adilet.gov.kz

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смагулов
И.Ш. Борчашвили

Редакционная коллегия:
Н.М. Абдиров
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дюсенов
А.Д. Жусупов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
Т.Е. Каудыров
В.Т. Конусова
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев
Т.С. Сафарова

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан научно-правовой журнал

СОДЕРЖАНИЕ

Приветственное слово Министра юстиции РК Б.М. Имашева на торжественном собрании, посвященном 20-летию Конституционного Совета Республики Казахстан.....	9
Конституционное и административное право	11
Л.Т. ЖАНУЗАКОВА Основные направления совершенствования государственной службы в Республике Казахстан в свете реализации 100 шагов Президента	11
З.К. АЮПОВА, Д.У. КУСАИНОВ Юридические процессы как составляющая основа современной правовой интеграции	18
Гражданское и гражданско-процессуальное право	25
В.Т. КОНУСОВА Банковский омбудсман в Республике Казахстан и в зарубежных странах	25
И.К. ЕЛЕУСИЗОВА, Д.М. ШАМШЕКБАЕВ Некоторые вопросы правового регулирования договора ренты по законодательству Республики Казахстан	33
И.К. ЕЛЕУСИЗОВА, Е.В. НЕСТЕРОВА, Д.М. ТУРЛЫБЕК Совершенствование гражданского законодательства в части договорных обязательств (общие положения и договорные обязательства о передаче имущества)	39
Уголовное право и уголовный процесс	44
А.К. КАНАТОВ Проблема квалификации отмыывания денег и (или) иного имущества, полученных преступным путем (мониторинг нововведений)	44
К.Е. ИСМАГУЛОВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Некоторые вопросы применения норм УК и УПК при расследовании преступлений коррупционной направленности	49
А.К. КУРМАНОВА, Қ.Е. ИСМАГУЛОВ Правовые аспекты рассмотрения гражданских исков об освобождении имущества, находящегося в залоге, от ареста, в том числе и в уголовном процессе	54
Международное право и сравнительное правоведение	61
М.А. САРСЕМБАЕВ, К.М. САРСЕМБАЕВ, Д.М. САРСЕМБАЕВ The theme of terrorism in international law documents: proposals for their perfection (Тема о терроризме в международно-правовых документах: предложения по их усовершенствованию)	61

Ж.И. ИБРАГИМОВ, Ж.С. ДАИРОВА Актуальные положения механизмов принятия решений в ЕС	71
Е.А. ОМАРОВ, Б.О. БЕРЕМКУЛОВ Вопросы совершенствования правовой базы оказания взаимной правовой помощи по уголовным делам	77
Д.Х. ПЕРНЕЕВ О некоторых вопросах избежания двойного налогообложения	84
Правовой мониторинг	88
Т.С. САФАРОВА Правовой мониторинг в контексте правовой политики Республики Казахстан: теоретико-аналитический аспект	88
С.Б. АЙСИН, З.Г. КАЗИЕВ Опыт зарубежных стран по изучению эффективности законодательства	92
А.Г. КАЗБАЕВА Теоретические аспекты общественного мониторинга нормативных правовых актов	96
Е.А. ДЮСЕНОВ, О.К. КАРАКОЖАЕВ Участие общественных организаций в проведении правового мониторинга в Республике Казахстан	101
Из практики законодательства на государственном языке	105
Ш.Р. МЫРЗАЕВА, Т.Е. МУШАНОВ Вопросы терминологии в национальном законодательстве	105
Е. САФУАНИ, А. КАДИРОВА Роль термина в законодательстве	110
А.А. МЕДИНАЕВА Языковые недочеты действующего законодательства	114
Л.С. ТУРГАНБАЕВА Вопросы аутентичности текстов международных договоров	119
Г.М. ЖЕТЕПОВА Проблемы терминологии в переводческом деле	123
Зарубежный опыт	127
О.В. БЕЛОУСОВА (г. Москва) Международное экономическое сотрудничество ЕС с государствами Латинской Америки	127
Трибуна молодого ученого	134
Д.М. ТҰРЛЫБЕК Эффективная налоговая политика и развитие малого бизнеса – альтернативные пути взаимодействия	134
Е.К. АХМЕТОВ Об общественном мониторинге нормативных правовых актов	139
А.С. АБДИКАРИМОВА Современное состояние коррупции и проблема расследования коррупционных правонарушений в Республике Казахстан	144
А. ЖУМАБЕКОВА Разработка и заключение международных договоров в Европейском Союзе и «особая роль» Великобритании по отношению к союзу	149
Ж.А. МАМИТОВА К вопросу о классификации международных антикоррупционных документов	155
Ж.Б. УАЛИЕВА Проблемы определения вины в отечественном законодательстве, соответствующей принципам современной уголовно-правовой политики	161
А.К. КАПЫШЕВА Международный опыт реформирования государственно-частного партнерства	167
А.М. БЫТЫМБАЕВ Содержание и общая характеристика нарушения экологических требований к хозяйственной или иной деятельности	172
Ж. МУСИНА Конфискация имущества в уголовном законодательстве республики казахстан: новые подходы в правовом регулировании	177
Д.Б. БАЙСАГАТОВА Роль Республики Казахстан в противодействии международному терроризму и экстремизму	183
Т.Б. ЖУМАГУЛОВ Международные организации и их деятельность в области обеспечения безопасности воды. Правовые аспекты	189
А.М. МАТЫШОВА Вопросы правового регулирования негласных следственных действий	193
Б.Н. ТАЖИБАЕВ Объективные признаки медицинских уголовных правонарушений	199

Информационные сообщения	208
---------------------------------------	------------

Информационное сообщение о шестой международной научно-практической конференции по административному праву на тему: «Административный акт: издание, содержание и оспаривание» 5-6 ноября 2015 года в г. Астана	208
--	-----

Мудрые мысли	213
---------------------------	------------





Бытымбаев Амангалий Мукашевич,
*Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы PhD докторанты,
заң ғылымының магистрі, полиция капитаны*

ШАРУАШЫЛЫҚ НЕМЕСЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТКЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ БҰЗУДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Қазақстанның табиғаты - ата-бабамыздан жеткен мұра. Еліміздің табиғи байлығын сақтау үшін, мемлекетімізде тұратын тұрғындарымыздың денсаулығын жақсартып, әл-ауқатын көтеру үшін, табиғатты қорғауға арналған заңдардың тиімділігін арттырып, заманауи талаптарға сай жетілдіру қажет.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясында айтылғандай, Қазақстан Республикасы жаңа тарихи белеске өтіп отыр. Экономикалық, әлеуметтік және экологиялық үрдістердің бірқалыптылығына - тұрақты даму кезеңіне көшу - қойылған мақсаттардың қозғаушы күші іспеттес.

Қазақстан Республикасының Президенті – елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бекіткен «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытында, алтыншы сын-қатер – табиғи ресурстардың сарқылуы деп көрсетілген [1]. Осы жолдауында елбасы – «Бізге өз табиғи байлықтарымызға деген көзқарасымызды ой елегінен өткізудің принципті маңызы бар. Біз оларды сатудан қазынамызға кіріс құя отырып, оларды дұрыс басқаруды, ең бастысы, еліміздің табиғи байлығын орнықты экономикалық өсуге барынша тиімді кіріктіруді үйренуіміз керек» деп атап айтты.

Экологиялық қылмыстар үшін жауаптылықты реттейтін қылмыстық-құқықтық нормалардың заңдық негізін Қазақстан Республикасы Конституциясының 31 бабы құрайды, онда былай делінген: «Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды». Яғни мемлекетіміздің Конституциямен бекіткен мақсаттарының бірі қоршаған табиғи ортаны қорғау болып табылады

Ал Конституцияның 38-бабының талабына сай Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті болып табылады [2]. Осы бапқа сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтарына табиғатты сақтауға және табиғи байлықтарды ұқыпты қарауға мідет жүктелген.

Осы мемлекет Конституциясында кепілдік берілген жердің қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстарын қорғауды жүзеге асыру қылмыстық заңда кеңінен қарастырылған. Қазақстан Республикасының жаңадан 2014 жылы қабылданып 2015 жылдың қаңтар айынан бастап қолданысқа енген қылмыстық кодексінде экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар 13-тарауда шоғырланып, ерекшеленіп бөлінген. Осы тарауда қарастырылған экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың барлығы дерлік еліміздің экологиялық қауіпсіздігіне қол сұғушылық болғанымен олар өзара жалпы сипаттамасы бойынша бір-бірінен айырмашылыққа ие. Оларды жеке-жеке қарастырып бір-бірінен жалпы сипаттамасы бойынша ажырату қажеттігі туындайды.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар тарауындағы экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірі ретінде танылатын Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 324-бабында қарастырылған шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу экологиялық қылмыстық құқық бұзушылыққа заңи тұрғыдан берілген сипаттаманы қарастыра отырып, оларға шолу жасау қажеттігі туындайды. Себебі, аталған қылмыстық құқық бұзушылық қылмыстық құқық теориясы бойынша бланкетті қылмыстық

құқық бұзушылыққа жатқызылады. Сондықтан, қарастырып отырған заң нормасын сипаттау үшін міндетті түрде басқа заң нормаларына талдау жасауды талап етеді.

Шаруашылық және өзге де қызмет барысында қоршаған ортаны авариялық ластайтын немесе ластауы мүмкін болған жағдайда ол шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түріне жатады. Сонымен, шаруашылық және өзге де қызметтің түрлері Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 324-бабының 1-бөлігінің диспозициясында ашылып қарастырылған.

Заң нормасында қарастырылған тыйым салынған әрекеттерді бөліп қарастыра болсақ, әскери немесе қорғаныс объектілеріне, әскери немесе ғарыш қызметіне қойылатын экологиялық талаптарды бұзу келесідей шаруашылықтардан тұрады:

- табиғи ресурстарды пайдалану кезінде әскери немесе қорғаныс объектілеріне, әскери немесе ғарыш қызметіне қойылатын экологиялық талаптарды бұзу;

- кәсіпорындарды, құрылыстарды немесе өзге де объектілерді жобалау, орналастыру, салу немесе реконструкциялау, пайдалануға беру немесе пайдалану кезінде әскери немесе қорғаныс объектілеріне, әскери немесе ғарыш қызметіне қойылатын экологиялық талаптарды бұзу;

- өнеркәсіп, энергетика, көлік немесе байланыс объектілерін, ауыл шаруашылық мақсатындағы және мелиорация объектілерін пайдалану кезінде әскери немесе қорғаныс объектілеріне, әскери немесе ғарыш қызметіне қойылатын экологиялық талаптарды бұзу;

- қалаларды не басқа да елді мекендерді салу кезінде әскери немесе қорғаныс объектілеріне, әскери немесе ғарыш қызметіне қойылатын экологиялық талаптарды бұзу.

Қарастырып отырған шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу қылмыстық құқық бұзушылық заң нормасының талабына сай жоғарыда қарастырылған шаруашылық немесе өзге де қызметтерді жүзеге асыру барысында әскери немесе қорғаныс объектілеріне, әскери немесе ғарыш қызметіне қойылатын экологиялық талаптарды бұзумен байланысу қажеттігі туындайды.

Қазақстан Республикасының 1997 жылы қабылданып, қолданыста болған Қылмыстық кодексінің 11-тарауында қарастырылған «Экологиялық қылмыстар» қаратына жатқызылған 277-баптағы «Шаруашылық

және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптардың бұзылуы» заң нормасындағы талаптар келесідей шаруашылық және өзге де қызметке қойылытындығы қарастырылған:

- табиғи ресурстарды пайдалану кезінде қойылатын талаптарды сол талаптардың сақталуы үшін жауапты адамдардың бұзуы;

- кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді жобалау, орналастыру, салу және жаңғырту, пайдалануға беру және пайдалану кезінде қойылатын талаптарды сол талаптардың сақталуы үшін жауапты адамдардың бұзуы;

- өнеркәсіп, энергетика, көлік пен байланыс объектілерін, ауыл шаруашылық мақсатындағы және мелиорация объектілерін пайдалану кезінде қойылатын талаптарды сол талаптардың сақталуы үшін жауапты адамдардың бұзуы;

- қалалар мен басқа да елді мекендерді салу кезінде қойылатын талаптарды сол талаптардың сақталуы үшін жауапты адамдардың бұзуы;

- әскери және қорғаныс объектілеріне, әскери және ғарыш қызметіне қойылатын талаптарды сол талаптардың сақталуы үшін жауапты адамдардың бұзуы [3].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің орыс тіліндегі нұсқасында «Шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу» қылмыстық құқық бұзушылық келесідей сипатталады:

- табиғи ресурстарды пайдалану кезінде экологиялық талаптарды бұзу;

- кәсіпорындарды, құрылыстарды немесе өзге де объектілерді жобалау, орналастыру, салу немесе реконструкциялау, пайдалануға беру немесе пайдалану кезінде экологиялық талаптарды бұзу;

- өнеркәсіп, энергетика, көлік немесе байланыс объектілерін, ауыл шаруашылық мақсатындағы және мелиорация объектілерін пайдалану кезінде экологиялық талаптарды бұзу;

- қалаларды не басқа да елді мекендерді салу кезінде экологиялық талаптарды бұзу;

- әскери немесе қорғаныс объектілеріне, әскери немесе ғарыш қызметіне қойылатын экологиялық талаптарды бұзу [4]. Аталағандар негізінде осы заң нормасының қазақ тіліндегі нұсқасында «кезінде» деген сөзден кейін үтір тыныс белгісі қойылмаған болып отыр. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 324-бабының 1-бөлігіне тиісті толықтыру енгізу қажеттігі туындайды.

«Шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу»

қылмыстық құқық бұзушылық заң нормасында қарастырылған іс-әрекеттерді бөліп зерделеуді талап етеді. Заң нормасында орын алып отырған табиғи ресурстарды пайдалану кезіндегі экологиялық талаптарды бұзу жерді, жер қойнауын, суды, орманды және өзге де өсімдіктерді, жануарлар дүниесін пайдалану кезіндегі экологиялық талаптарды бұзумен белгіленеді. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 1-бабының 73-тармағына сай табиғи ресурстарға тұтыну құндылығы бар жер, жер қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі жатқызылған [5]. Осы заң нормасы бойынша табиғи ресурстарға белгіленген ұғым бойынша орман аталмай отыр. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіндегі «Табиғи ресурстарды пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар» деп аталатын 207-бабындағы заң нормасында табиғи ресурстар қатарына орман жатқызылатындығы анық белгіленген [5].

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 200-бабында «Қалаларды және басқа да елді мекендерді жобалау, салу, реконструкциялау экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық талаптар мен экологиялық қауіпсіздікті ескере отырып, халықтың өміріне, еңбек етуі мен демалуына мейлінше қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге тиіс» деп қаралып, экологиялық талаптар қалаларды және басқа да елді мекендерді жобалау, салу, реконструкциялау кезінде қойылса да, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 324-бабының талабына сай қалаларды не басқа да елді мекендерді салу кезіндегі ғана экологиялық талаптарды бұзу қарастырылған болып отыр. Бұл өз кезегінде қалаларды және басқа да елді мекендерді жобалауға, реконструкциялауға қойылатын экологиялық талаптарды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 324-бабында қарастырылған шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу бойынша жауаптылық қарастырылмаған болып отыр. Осы аталғанға орай Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 324-бабының 1-бөлігіне Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 200-бабында қарастырылған қалаларды және басқа да елді мекендерді жобалау мен реконструкциялау кезі де қамтылуы қажет етеді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 324-бабында қарастырылған ғарыш қызметіне қойылатын экологиялық талаптар

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексімен қамтылып белгіленбеген болып отыр. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 206-бабында қарастырылған экологиялық талаптар тек әскери немесе қорғаныс объектілеріне, әскери қызметіне қойылған. Сонда да болса, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы №528- IV «Ғарыш қызметі туралы» заңының 1-бабының 7-тармақшасы бойынша ғарыш қызметі болып ғылыми, экономикалық, экологиялық, қорғаныс, ақпараттық және коммерциялық мақсаттарға қол жеткізу үшін ғарыш кеңістігін зерттеуге және пайдалануға бағытталған қызмет танылады [6]. Қазақстан Республикасының «Ғарыш қызметі туралы» заңының 3-бабына сай ғарыш қызметі жүзеге асыру қағидаттарының бірі ретінде ғарыш қызметін жүзеге асыру салдарынан туындаған жеке тұлғалардың денсаулығына келтірілген зиянды, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің мүлкіне келтірілген залалды өтеу және экологиялық талаптарды, сақтау саналады [6]. Осы аталғанға орай, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 324-бабында өз орнын алып отырған ғарыш қызметіне қойылатын экологиялық талаптар Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде де қарастырылуы үшін Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 206-бабын және 194-бабының 2-бөлігінің 8-тармағын «ғарыш» деген сөзбен толықтыру қажет.

«Ғарыш объектілері келтірген залал үшін халықаралық жауапкершілік» туралы Конвенцияда (1972 жылғы 29 наурызда Мәскеу, Лондон және Вашингтон қалаларында қол қойылған) «ғарыш объектісі» аталымына ғарыш объектісінің құрамдас бөліктері, сондай-ақ оны жеткізу құралдары мен оның бөліктері кіреді.» – деп көрсетілген [7]. Аталған Конвенцияға Қазақстан Республикасы «Ғарыш объектілері келтірген зиян үшін халықаралық жауапкершілік туралы конвенцияға Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» 1997 жылғы 15 мамырдағы № 107-І Қазақстан Республикасының Заңымен қосылған болатын [7]. Себебі, Бірқатар міндеттерді шешуде ғарыш құралдарына балама жоқ болғандықтан, зымыран-ғарыш қызметінің қоршаған орта мен халықтың денсаулығына әсерін азайту, зымыран-ғарыш кешендерінің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету барған сайын өзекті болуда.

Қазақстан Республикасының «Ғарыш қызметі туралы» заңының 1-бабының 12-тармағында

ғарыш объектісі дегеніміз ғарыш аппараты және (немесе) оны ғарыш кеңістігіне шығару құралы және олардың құрамдас бөліктері екендігі қарастырылған [6].

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңының 1-бабының 11-тармағына сай әскери қызмет болып Қазақстан Республикасының егемендігін, аумақтық тұтастығы мен шекараларының қол сұғылмаушылығын қарулы қорғауға байланысты әскери қауіпсіздікті тікелей қамтамасыз етуге бағытталған Қарулы Күштер әскери қызметшілерінің мемлекеттік қызметінің ерекше түрі танылады [8].

Жоғарыда қарастырылған экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың мазмұны мен сипаттамасының негізінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіндегі «Шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу» қылмыстық құқық бұзушылық қарастырылған 324-бабының 1-бөлігіндегі заң нормасының сипаттамасы заңнаманың орыс тіліндегі нұсқасы мен мемлекеттік тілдегі нұсқасында айырмашылықтың болуына байланысты осы олқылық жойылуға тиіс. Атап айтқанда, қазақ тіліндегі нұсқасында «кезінде» деген сөзден кейін үтір тыныс белгісі қойылмаған болып отыр. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 324-бабының 1-бөлігіндегі «кезінде» деген мәтіннен кейін үтір белгісін (,) қою қажет.

«Ғарыш объектілері келтірген залал үшін халықаралық жауапкершілік» туралы Конвенцияға мемлекетіміз «Ғарыш объектілері келтірген зиян үшін халықаралық жауапкершілік туралы конвенцияға Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» 1997 жылғы 15 мамырдағы № 107-І Қазақстан Республикасының Заңымен қосылған, алайда Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 324-бабының 1-бөлігінде ғарыш объектісі қарастырылмағандықтан Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 324-бабының 1-бөлігіндегі «қорғаныс» деген сөзден кейін «, немесе ғарыш» деген мәтінмен толықтыру керек.

Жаңадан қабылданған қылмыстық кодексте қарастырылған «Шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу» қылмыстық құқық бұзушылық бойынша шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын кез-келген талаптар ғана емес тек экологиялық талаптар ғана қарастырылып нақтыланған.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 200-бабында «Қалаларды және басқа да елді мекендерді жобалау, салу, реконструкциялау экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық талаптар мен экологиялық қауіпсіздікті ескере отырып, халықтың өміріне, еңбек етуі мен демалуына мейлінше қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге тиіс» деп қаралып, экологиялық талаптар қалаларды және басқа да елді мекендерді жобалау, салу, реконструкциялау кезінде қойылса да Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 324-бабының талабына сай қалаларды не басқа да елді мекендерді салу кезіндегі ғана экологиялық талаптарды бұзу қарастырылған болып отыр. Бұл өз кезегінде қалаларды және басқа да елді мекендерді жобалауға, реконструкциялауға қойылатын экологиялық талаптарды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 324-бабында қарастырылған шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу бойынша жауаптылық қарастырылмаған болып отыр. Осы аталғанға орай Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 324-бабының 1-бөлігіне қалаларды және басқа да елді мекендерді жобалау мен реконструкциялау кезі де қамтылуды қажет етеді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 324-бабында өз орнын алып отырған ғарыш қызметіне қойылатын экологиялық талаптар Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде де қарастырылуы үшін Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 206-бабын және 194-бабының 2-бөлігінің 8-тармағын «ғарыш» деген сөзбен толықтыру қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жылғы 14 желтоқсан.// http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/page_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevty-n-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2012-zhylyhy-14-zheltoks_1357813742

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – Алматы: Юрист, 2014. -204 б.
4. Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 02.08.2015 г.)// http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575252
5. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы N 212 Кодексі// http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070000212_
6. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы №528- IV «Ғарыш қызметі туралы» заңы//<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000528>
7. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 мамырдағы N 107 «Ғарыш объектілері келтірген зиян үшін халықаралық жауапкершілік туралы конвенцияға Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» Заңы// http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000107_
8. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңы// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000561>



Мақалада Қазақстан Республикасы ҚК 324-бабындағы экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық туралы ұғымның мазмұны мен жалпы сипаттамасы қарастырылған.

Түйін сөздер: экологиялық қылмыстар, экологиялық талаптар, қоршаған орта, ғарыш қызметі.

В данной статье рассмотрены содержание и общая характеристика экологического уголовного правонарушения статьи 324 УК Республики Казахстан «Нарушение экологических требований к хозяйственной или иной деятельности».

Ключевые слова: экологические преступления, экологические требования, окружающая среда, космическая деятельность.

This article describes the content and General environmental criminal offences article 324 of the criminal code of the Republic of Kazakhstan violation of environmental requirements to economic or other activities

Keywords: ecological crimes, ecological requirements, environment, space activity

Амангалий Мукашев

Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы PhD докторанты, заң ғылымының магистрі, полиция капитаны

Шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзудың мазмұны мен жалпы сипаттамасы

Бытымбаев Амангалий Мукашевич,

докторант PhD Алматинской Академии МВД Республики Казахстан, магистр юридических наук, капитан полиции

Содержание и общая характеристика нарушений экологических требований к хозяйственной или иной деятельности

Bytymbaev Amangaliy Mukashevich,

doctoral candidate of Almaty academy of Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, master of law, captain of police

The content and general characteristics of the violation of environmental requirements to economic or other activities